

**Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін
жариялау үшін Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі білім және
ғылым саласындағы бақылау Комитеті
ұсынатын ғылыми баспаларға
қойылатын талаптар**

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынатын ғылыми баспаларға қойылатын талаптар

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы
бақылау Комитеті төрағасының бұйрығына Қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым саласындағы
бақылау Комитеті төрағасының
2012 жылғы 10 мамырдағы
№ 591 бұйрығына Қосымша

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы
бақылау Комитеті ұсынатын
ғылыми баспаларға қойылатын талаптар

1. Баспаның мемлекеттік тіркелуі және жазылу индексі болу қажет.
2. Баспа жаратылыстану, техника, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің өзекті мәселелері бойынша ғылыми еңбектерді жариялау тиіс.
3. Төмендегі талаптарға сәйкес «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ-дан анықтама болуы тиіс:
 - 1) «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспалық рәсімдеу» ГОСТ 7.5-98 сәйкес мақалаларды және «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипат. Құрастырудың жалпы талаптары және ережесі» ГОСТ 7.1-2003 сәйкес библиографиялық тізімдердің негізгі баспалы стандарттар бойынша рәсімдеу;
 - 2) электрондық кітапханаға қосу және қорларды рәсімдеу үшін журналдардың электрондық нұсқаларын тапсыру туралы.
4. Журналдың ұлттық және халықаралық ақпараттық ресурстарда таралуы.
5. Шетелдік авторлардың жарияланымдары болуы, яғни журналдың халықаралық бағытталуы, сонымен қатар жарияланатын материалдың тиісті сала бойынша журналдың редакциялық алқасының халықаралық құрамы.
6. Журналдың уақытылы шығуы: журналдың тұрақты шығу уақытының сақталуы.
7. Шығу мерзімі жылына кем дегенде 2 рет, тираж 300 данадан кем емес.
8. Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынатын ғылыми баспаларға енгізу туралы ұсыныс берген кезге дейін кем дегенде 3 жыл көлемінде жариялану керек.
9. Мақаланы журналдың редакциялық алқасының құрамына кірмейтін және ғылыми зерттеулері мақала тақырыбына жақын тәуелсіз мамандармен рецензиялау.
10. Баспа ақпаратты ашық түрде жариялау – электрондық сайттың болуы.
11. Ағылшын тілінде мақалалар болуы.